

Айтбай К.Т., Қазақстан Республикасы ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2-курс курсанты

(Ғылыми жетекші: Қазақстан Республикасы ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқытушысы, г.ғ.м., полиция аға лейтенанты Қ. Монай)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖАҢҒЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЭТНОСАЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Елбасының Қазақстан халқына жолдауында атап көрсетілгендей, этностық келіспеушіліктің себеп-салдарын жойып, барлық этностық топтардың құқықтары бірдей болуын қамтамасыз ету стратегиялық міндеттердің бірі [1].

Ұлтаралық қатынастар кез келген көп ұлтты мемлекеттің қоғамдық өмірінің әрқашан маңызды саласы болып келді. Қазақстан Республикасы үшін этникалық қатынастардың өз ерекшелігі бар: біздің республикамызда көптеген ірі этнос мекендейді, бұлардың арасындағы қарым-қатынас елімізде ғана емес бүкіл Кіндік Азияның барлық аймағындағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау үшін маңызды.

Қазіргі Қазақстанда қоғамның әлеуметтік жіктелісі күшейе түсіп отырған жағдайда ел-жерімізге етене отаншылдық пен Қазақстандық жалпы азаматтық сезімге тәрбиелеу мемлекеттің ең мәнді мәселелері қатарына енуі тиіс. Ұлтаралық қарым-қатынастың татулығына басты фактор болып отырған себеп- еліміздегі саяси тұрақтылық деген ойдамыз.

Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қарым-қатынастардың жай-күйін бағалай отырып, оның салыстырмалы түрде тұрақтылығын айтқан жөн. Ұлтаралық қарым-қатынас жоғары дәрежедегі дамуда іс жүзінде қиын да күрделі кикілжің сәттер жоқ, шиеленіс деңгейі төмен болады.

Қазақстан Республикасында қазіргі кезде жалпы алғанда 130-дан астам этностың өкілдері өмір сүреді. Әрбір этнос тобы өздеріне тән ұлттық демократиялық ерекшеліктерін сақтап қана қоймай даму үстінде.

Қазақстан Республикасында ұлтаралық процестер өте қарқынды дамуда. Мемлекеттің жалпы ұлттық стратегиялық мүдделерін ескере отырып ұлтаралық қауымдастықтардың мұн мұқтаждықтарын, мүдделерін гармониялық түсіністікпен жүзеге асыруға қабілетті.

Ұлттық саясат-этностардың өзара қарым-қатынасын реттеуге және ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік-мемлекеттік заңды және ұйымдастырушылық-идеологиялық шарасы. Еліміздегі этникааралық келісім ұлттық идеологиямыздың ерекшеліктерінің бірі Қазақстан қоғамындағы тұрақтылықтың – біздің мақтаншылдық этникааралық келісімді нығайтуда ұлттық мәдени орталықтар қызметін төмендегіше мысалға келтіруге болады:

- этносаралық қатынастардағы тұрақтылықтың сақталып, ашық қақтығыстық жағдайдың болмауы қоғамның басты саяси- әлеуметтік жетістігі болып табылады;
- этносаяси процестердің дамуы қоғамның саяси экономикалық, демократиялық дамуымен тығыз байланыста;
- этникалық мәселелер кез-келген эволюциялық табиғи- құқықтық жолмен шешілуге тиіс.

Қазақстан Республикасындағы этносаясаттың басты бағыттары мынадай:

- этностардың теңдігі, еркін дамуы және әділеттілік принципі;
- мемлекеттің ұлттық территориялық тұтастығы;
- этнос ішіндегі этносаралық келісім мен этносаяси тұрақтылық;
- қазақстандық патриотизмді қалыптастыру [3].

Қазақстандағы этносаясаттың негізгі принциптерін былайша жіктеуге болады. Этносаяси процестердің дамуындағы жүйеліліктің сақталуы және олардың эволюциялық даму жолымен реттелуі. Қазақстан Республикасы бойынша жаңғыру жағдайындағы ұлтаралық процестерді екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. 1991-1995 жылдары қамтылған бірінші кезең Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуына байланысты этносферадағы өзгерістер республика деңгейіндегі жаңаша мән- маңызы тұрғысынан ерекшеленеді.

1995 жылдан бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтитын екінші кезеңнің басты ерекшелігі қоғамның этносаралық қатынастарының жаңғыру процесіне толығымен бет бұруы. Кез келген қоғамдағы этносаяси ахуал қалыптасу үшін ол бірнеше кезеңдерді басынан өткеріп, объективті

алғышарттар жетілуі қажет. Жалпы алғанда этносаяси жағдай бір мемлекеттің ішіндегі түрлі этностардың өзара саяси - әлеуметтік қарым- қатынастарының жиынтық көрінісін қамтиды.

Қазіргі мемлекеттер көп этносты болуына байланысты мемлекет тарапынан айтылуы көңіл бөлуді талап ететін этносаралық қарым-қатынастардың әралуандығымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 17 –сессиясында ұлттық мәселе шешімдерін халықтар арасындағы татулық пен сенімді нығайту арқылы табуға болатынын біздің басты бағытымыз ымыраға келтіретін жобаларды іздестіру және біріктіретін бастамаларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтарды дамыту ісіне негізделуі тиіс екенін атап көрсетті.

Ұлтаралық қатынастырдың тұрақтылығын қалыптастыру ең алдымен түрлі ұлттық топтың мүддесін ескеруге байланысты. Ең бастысы осы мүдделердің үйлесімді іс-қимылын қамтамасыз ету. Қазақстан тұрғындарының ұлттық құрамы өте күрделі. Ол өз тарапынан саяси жағдайға ықпалын тигізбей қоймайды. Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастарды бағалай отырып, олардың тұрақтылығын атап көрсеткен жөн. Ұлттық саясатты ұзақ мерзімге арналған стратегиялық және тез арада жүзеге асырылатын мақсаттарды бетке ұстау қажет. Сөйтіп, көп ұлтты Қазақстанда ынтымақтастықты нығайту стратегиялық міндет болып табылады. Өйткені біржағынан өзіне тән этникалық ерекшелік сақталады, басқа тұстан қарасақ өзара іс-әрекет арқылы сана- сезімінің ортақ белгілері, ортақ мақсаттары қалыптасады. Бүгінгі таңда Қазақстан сияқты көп этносты, көп нәсілді және көп конфессиялы мемлекет үшін осы жол ең ұтымды болып табылады және тату-тәтті өмір сүріп, қарым- қатынастарына төзімділік сақтау керек [4].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында Кеңес империясы қирауының маңызды себептерінің бірі ғылымға негізделіп жасалған тиімді ұлттық саясаттың болмауы деп тура айтқан [2].

Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан-2030 даму бағдарламасында этникалық қайшылық себептері жойылып, барлық этникалық топтар тең құқылы болуын қамтамасыз ету баса айтылады. Қазақстан Республикасының перспективалық дамуында екі түрлі міндетті шешу көзделеді. Бірінші әрбір және жеке ұлтаралық топтың дамуына мүмкіндік беру, екіншісі, Қазақстанның барлық халқын біріңғай азаматтық қоғамдастыққа біріктіру үшін жағдай туғызу. Қазақстан Республикасында ұлтаралық қарым-қатынасты дамытудың маңыздылығы ең бастысы ұлттық мүдделерге, олардың қауымдастығын, айырмашылықтарын, қақтығысын ескере отырып баса назар аудару. Ұлтаралық қатынастардың жеке субъектілерінің түпкі мүддесі мен мемлекет ауқымындағы жалпы ұлттық мүдделердің бір болуының объективті негізі бар. Мемлекеттің ұлттық саясатының басты міндеті – ұлттар мүдделерін және ұлттар мүдделері арқылы басқару. Қазақстандағы демократиялық өзгерістердің ажырамайтын бөлігі-адам құқығын сақтау, барлық ұлттық топтардың еркін дамуына қолайлы жағдай туғызу, ұлтаралық қарым-қатынастарды гуманизациялау, Республикада татулық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа он жылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». - Астана 2010, 29-қаңтар.
2. Н.Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында». – Алматы. 1996.
3. Барбосов С. «Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты» -Семей. 1998.
4. Жандәулетов Т. Қазақ ұлттық идеология мәселелері. – Алматы. 2004.

Алешков А.А., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет философии и психологии, гр. МФ-52, магистрант
(*Научный руководитель — д.ф.н., профессор Карипбаев Б. И.*)

ФИЛОСОФИЯ И ЕЁ РОЛЬ В ЖИЗНИ МОЛОДЁЖИ КАЗАХСТАНА

«Наша гуманитарная интеллигенция должна быть поддержана государством путем восстановления гуманитарных кафедр в вузах страны. Нам нужны не просто инженеры и медики, но и люди, хорошо понимающие современность и будущее».

Н. А. Назарбаев «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [1].